«Қазақмыс» СК» АҚ
Директорлар кеңесінің
шешімімен бекітілген
2022 ж. «22» шілде
№60 хаттама

Сапа менеджменті жүйесі **ПС-120-20**	**05 редакция**
«ҚАЗАҚМЫС» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕКАРАСЫНАН ТЫС ШЫҒАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШЫҒЫНДАРЫН ЕРІКТІ КЕШЕНДІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ	

Әзірлеген:

Андеррайтинг басқармасының басшысы – Полянская Марина

Келісілді:

Күні	Уақыт	Орындалу барысы
07.07.2022	12:33:54	Полянская М.В. > Жұмысқа
07.07.2022	14:14:27	Сванкулова Е. > Келісемін (келісілді)
07.07.2022	15:21:12	Мухамедов И.Х. > Келісемін
12.07.2022	15:43:58	Белобродская А.С. > Келісемін (келісілді)
13.07.2022	08:40:47	Шубин Н.М. > Келісемін (келісілді)
13.07.2022	11:30:18	Сванкулова Е. > Дайын (келісілді)
13.07.2022	11:39:18	Джангалиева А.А. > Қол қою (Басқармаға, Ә. Құлсейітов келісілді)

Түпнұсқа шығарылды:

Андеррайтинг басқармасының басшысы_____ М. Полянская

Сапа жөніндегі басшылықтың өкілі _____ А. Белобродская

Алматы қ.

Бұл құжат «Қазақмыс СК» АҚ меншігі болып табылады. Бұл құжатты ұйымнан тыс жерге беру Компания басшылығының рұқсатымен ғана жүзеге асырылады.

МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
2. Нормативтік сілтемелер ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
3. Белгілер мен қысқартулар ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
4. Сақтандыру объектілерінің тізбесі ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
5. Сақтандыру сомаларын айқындау тәртібі. Франшиза **Ошибка! Закладка не определена.**
6. Сақтандыру сыйлықақысы және оны төлеу тәртібі .... **Ошибка! Закладка не определена.**
7. Сақтандыру жағдайларының тізбесі ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
8. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу. 11
9. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны **Ошибка! Закладка не определена.**
10. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
11. Тараптардың құқықтары мен міндеттері ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
12. Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеті **Ошибка! Закладка не определена.**
13. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
14. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары. Сақтанушыны немесе сақтандырылушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімі ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
15. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
16. Сақтандыру шартының талаптарын өзгерту ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
17. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
18. Дауларды шешу тәртібі ..... **Ошибка! Закладка не определена.**
19. Қосымша шарттар ..... **Ошибка! Закладка не определена.**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс шығатын тұлғалардың шығындарын ерікті кешенді сақтандырудың ережелері (бұдан әрі-Ереже) Қазақстан Республикасының шекарасынан тыс шығатын тұлғалардың шығындарын ерікті сақтандыруды жүргізудің тәртібі мен шарттарын анықтайды.

1.2. Сақтандырушы осы Ереженің негізінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтіндей шамада нақты Сақтанушыға немесе Сақтанушылар сегментіне бағдарланған, осы Ереженің негізінде жасалатын жеке сақтандыру шартына немесе сақтандыру шарттарының жеке тобына сақтандыру шарттарын немесе ережелерден үзіндіні қалыптастыруға құқылы.

1.3. Сақтандыру шарттары деп осы Ереженің және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының негізінде қалыптастырылған және жеке шартқа немесе сақтандыру шарттарының тобына жататын сақтандырудың елеулі және қосымша шарттары түсініледі.

1.4. Сақтандырушы осы Ереженің негізінде жасалатын Сақтандыру шарттарына немесе бағдарламаларына, бірыңғай сақтандыру шарттарының жекелеген топтарына маркетингтік атаулар меншіктеуге құқылы.

1.5. Сақтандыру шартын жасасу кезінде тараптар осы Ереженің жекелеген ережелерін өзгерте (алып тастай) алады және (немесе) Сақтандыру шартын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге ережелермен толықтыра алады.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1. Бұл ереже төмендегілерге сәйкес әзірленді:

1) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңымен;

2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен;

3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Ассистанс	Сақтандырушымен азаматтық-құқықтық шарт негізінде Сақтандырушының атынан Сақтандырылушының сақтандыру шартында көзделген қызметтерді сақтандыру аумағында ұсынуын ұйымдастыруды, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру міндеттемесін өзіне алатын заңды тұлға.
Жақын туыстар	ата-аналар, балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, жұбайы / зайыбы.
Кенеттен жіті ауру	Сақтандырылушы денсаулығының күтпеген өзгеруі (аурулар, жарақаттар), ағзалардың және/немесе жүйелердің зақымдануымен клиникалық байқалатын, өмірге қауіп төндіретін және шұғыл медициналық көмекті қажет ететін жай-күйі.
Пайда алушы	сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.
Сақтандырылушы	оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылушы бола алады.
Ассистанс медициналық мекемелері	Ассистанспен қызметтер көрсету шарттарын жасасқан және сақтандыру аумағында Сақтандырылушыларға қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мекемелер.
Медициналық мекемелер және/немесе дәрігерлер	Сақтандырылушы Ассистанс қызметкерлерін жолдамастан қызметтерін өз бетінше пайдаланған сақтандыру аумағында өз қызметін жүзеге асыратын медициналық мекемелер немесе қызметкерлер.

Шұғыл медициналық көмек	адам ағзасының өмірлік маңызды функцияларын қалпына келтіру, қолдау және ағзаның одан әрі қайтымсыз патологиялық процестерінің алдын алу мақсатында қолданылатын шұғыл медициналық көмек. Шұғыл медициналық көмек көлеміне жіті ауырсыну синдромын тоқтату (алып тастау) кіреді.
Жазатайым оқиға	ағзаға сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термикалық әсер ету нәтижесінде адамның еркінен тыс басталған және Сақтандырылушының кенеттен қатты науқастануына және/немесе өліміне әкеп соққан кенеттен болған қысқа мерзімді оқиға (уақиға). Жазатайым оқиғаға сипаты, басталу уақыты мен орны нақты анықталуы мүмкін әртүрлі сыртқы факторлардың бір уақытта, кенеттен әсер етуі жатады: табиғаттың стихиялық құбылысы, жарылыс, күйік, үсу, суға бату, электр тогының әсері, найзағайдың түсуі, үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері, жануарлардың шабуыл жасауы, жыландардың шағуы, жәндіктердің шағуы, қандай да бір заттың немесе Сақтандырылушының өзінің құлауы, сондай-ақ көлік құралдарына отырғызуды және олардан түсіруді қоса алғанда, машиналарды, механизмдерді пайдалану кезінде көлік құралдарының (ұшақтың, автомобильдің, автобустың, поездың және т. б.) қозғалысы/пайдаланылуы кезінде алынған жарақаттар.
Созылмалы аурудың өршуі	Сақтандырылушыда сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінде жіті пайда болған және Сақтандырылушы тұлға осыған байланысты бұрын ем қабылдаған, бірақ дәрігердің қорытындысы бойынша сапар жасауға кедергі болып табылмайтын Сақтандырылушының өміріне қауіп төндіретін созылмалы ауру.
Сапар	Сақтандырылған тұлға дербес, сондай-ақ меншік нысанына және соңғысының ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан тиісті туристік агенттіктер, туристік компаниялар, бюролар, туристік операторлар, қабылдаушы тараптар (жұмыс берушілер, оқу орындары) көмегімен (арқылы) ұйымдастырған және жасайтын іскерлік, туристік, жеке және өзге де сапар.
Сақтандыру бағдарламасы	әрбір тәуекел (қызмет) бойынша жеке немесе тәуекелдер (қызметтер) тобы бойынша сақтандыру сомаларын көрсете отырып, Сақтандырушы Сақтандырылған тұлғаға ұсынатын тәуекелдер (қызметтер) тізбесі.
Тасымалдаушы	жолаушыларды құрлық, су немесе ауа арқылы тасымалдаумен айналысатын, осы елдің заңнамасына сәйкес әрекет ететін және тасымалдаудың осы түріне рұқсаты бар кез келген тіркелген тасымалдаушы.
Ассистанс қызметкерлері	Ассистанстың немесе Ассистанстың медициналық мекемелерінің медицина қызметкерлері, сақтандыру аумағында Сақтандырылушыларға қызмет көрсетуді ұсыну, сондай-ақ ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Ассистанстың өкілдері.
Репатриация	Ассистанс қайтыс болған Сақтандырылушының мәйітін Қазақстан Республикасындағы немесе Сақтандырылушының тірі кезінде азаматтығы болған елдегі жерлеу орнына ең жақын халықаралық әуежайға дейін тасымалдауды ұйымдастыру.

Уақытша мекендеу елі (мекендеу елі)	Сақтандырылушының азаматтығы бар және (немесе) онда тұрақты тұратын елден басқа, сақтандыру шартында көрсетілген және сақтандыру аумағына кіретін кез келген ел.
Тұрақты тұратын елі	Сақтандырылушы тұрақты немесе көбінесе тұратын ел.
Сақтанушы	Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға.
Сақтандырушы	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру шартында белгіленген талаптарда және белгілі бір сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға.
Сақтандыру төлемі	сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.
Сақтандыру жағдайы	басталуымен сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.
Сақтандыру сомасы	сақтандыру шартында айқындалған, оның шегінде Сақтандырушы өз міндеттемелерін орындауға жауапты болатын және оған сүйене отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшері және сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы міндеттемелерінің ең жоғары шамасы белгіленетін ақшалай сома
Сақтандыру сыйлықақысы	Сақтанушының Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Пақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.
Туристік компания (агент / оператор)	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзінің туристік өнімдерін қалыптастыру, ілгерілету және туристерге өткізу жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензия алған заңды тұлға немесе жеке тұлға.
Сақтандыру аумағы	сақтандыру шартында көрсетілген ел немесе басқа нақты белгіленген аумақ.
Тәуекелдің артуы	осындай арттыруға тікелей әсер ететін мән-жайлардың туындауына байланысты сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын арттыру (мысалы, сақтандыру аумағының өзгеруі, сапар мақсатының өзгеруі, сапар мерзімдерінің өзгеруі, Сақтандырылған тұлғаға осы ережелер бойынша сақтандыру төлемінен бас тарту көзделген ауруларды/диагноздарды белгілеу);
Шартты бірлік	сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы белгіленген валюта бірлігі.
Созылмалы аурулар	төмендегі сипаттамалардың кем дегенде екеуіне ие аурулар немесе дене жарақаттары: a) Емдеудің белгілі мойындалған әдістері жоқ; b) Белгісіз уақыт аралығында бар болуы мүмкін; c) Қайталанулар бар немесе қайталану ықтималдығының пайда болу мүмкіндігі бар; d) Тұрақты сипатқа ие; e) Паллиативті емдеуді қажет етеді; f) Ұзақ мерзімді бақылауды, кеңес беруді, тексеруді, зерттеуді немесе талдауды қажет етеді;

	g) Сақтанушы ауруды жеңу үшін оңалту курсынан немесе арнайы оқытудан өтуі тиіс.
Эвакуация	егер Сақтандырылушы денсаулық жағдайының күрт нашарлауына байланысты Ассистанттың білікті қызметкерлерінің ұйғарымы негізінде сақтандыру аумағында болу мерзімін ұзартуға не мерзімінен бұрын оралуға мәжбүр болса және кері билетті пайдалана алмаса Ассистанспен Сақтандырылушының сақтандыру аумағынан Қазақстан Республикасына не сақтандырылушының азаматтығы бар елге шығуын ұйымдастыру.
Сақтандырылушы ауруханаға жатқызылған/қайтыс болған жағдайда 16 жасқа дейінгі балаларды эвакуациялау	Ассистанспен 16 жасқа дейінгі балалардың Қазақстан Республикасына немесе баланың тұрақты тұратын еліне сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінде Сақтандырылған тұлға сақтандыру аумағында ауруханаға жатқызылған/қайтыс болған жағдайда кетуін ұйымдастыру.
Шұғыл медициналық тасымалдау	Сақтандырылушының денсаулық жағдайының күрт нашарлауына және амбулаториялық-емханалық /стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету қажеттілігіне байланысты Ассистанс қызметкерлерінің ұсынымы бойынша Сақтандырылушыны сақтандыру аумағындағы медициналық мекемеге шұғыл тасымалдау.
Шұғыл ауруханаға жатқызу	Сақтандырылушының өміріне қауіп төндіретін денсаулық жағдайының күрт нашарлауына және стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсету қажеттілігіне байланысты сақтандыру аумағындағы медициналық мекемеге емдеуге жатқызу.
Жолжүк	Сақтандырылған тұлғаға тиесілі немесе оның қамқорлығындағы киіммен немесе заттармен шектелген жол сөмкелері, чемодандар, портфельдер, сондай-ақ олардың ішіндегісі. Жолжүк деп Сақтандырылушының сақтандыру аумағына әкелетін және кері әкетілетін, сақтандыру аумағында сатып алынған және Сақтандырылушының атына жолжүк ретінде тіркелген және тасымалдаушы оның жауапкершілігімен тасымалдауға қабылдаған заттары түсініледі.
Франшиза	Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын және сақтандыру сомасының пайызымен немесе ақшалай баламасымен көрсетілген залалды өтеуден босату.
Интернет-ресурс	аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін мәтіндік, графикалық, дыбыс-бейне немесе өзге де түрде бейнеленетін электрондық ақпараттық ресурс. Сақтандырушының Интернет-ресурсы мына адрес бойынша орналасқан: www.kmic.kz.

4. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

4.1. Сақтандырылушыда туындаған күтпеген шығындарға (залалдарға) байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады:

а) Сақтандырылушының сақтандыру аумағында кенеттен қатты науқастануы немесе жазатайым оқиға нәтижесінде:

b) сапар кезеңінде жолжүктің толық жоғалуы (жоғалуы) немесе зақымдануы нәтижесінде, оны тасымалдау кезінде жолжүктің сақталуы үшін жауапкершілік тасымалдаушының жауапкершілігіне өткен кезде;

c) Сақтанушының/Сақтандырылушының ерік білдіруіне байланысты емес объективті себептерге байланысты Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерге сапар жасау мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА

5.1. Осы Ереженің 7.1., 7.2., 7.3. тармақтарында көрсетілген тәуекелдер бойынша сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру бағдарламасына сәйкес Тараптардың (Сақтанушы мен Сақтандырушының) келісімімен айқындалады.

5.2. Осы Ереженің 7.1. тармағында көрсетілген тәуекелдер бойынша сақтандыру бағдарламасы сақтандыру сомасына қосымша жеке тәуекел (қызмет түрі) немесе тәуекелдер тобы (қызметтің бірнеше түрі)бойынша сақтандыру сомасын белгілейді.

5.2.1. Жолжүкті жоғалту бойынша Сақтандырушының жауапкершілік шегі тасымалдаушы әуекомпаниядан алынған өтеу сомасына төлемді азайтуды ескере отырып, жолжүктің әрбір килограмы үшін 20 (жиырма) АҚШ долларын құрайды. Сақтандыру бағдарламасында / сақтандыру шартында өзге лимиттер белгіленуі мүмкін.

5.2.2. Егер Сақтандыру бағдарламасында/Сақтандыру шартында өзгеше белгіленбесе, сапардын күшін жоюды сақтандыру бойынша Сақтандырушының жауапкершілік шегі 3 000 (үш мың) АҚШ долларын құрайды. Осы өтеу бойынша сақтандыру төлемі Сақтанушы/Сақтандырылушы төлеген турдың нақты құнынан аспауға тиіс.

5.3. Егер Сақтандыру шартында көзделген қызметтерге арналған шығындар жеке тәуекел/тәуекелдер тобы бойынша айқындалған жалпы сақтандыру сомасынан және/немесе сақтандыру сомасынан асып кетсе, Сақтанушы (Сақтандырылушы) жеке тәуекел/тәуекелдер тобы бойынша жалпы сақтандыру сомасынан немесе сақтандыру сомасынан асатын шығындар үлесін өз бетінше жабады.

5.4. Франшизаны белгілеу және оның мөлшерін айқындау Сақтандыру шартын жасасу кезінде Тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылады. Франшиза мөлшері сақтандыру сомасына пайыздық қатынаста немесе абсолютті шамада көрсетілуі мүмкін. Франшиза жалпы тәуекелдер пакеті бойынша да, белгілі бір тәуекелдер бойынша жеке де қарастырылуы мүмкін.

5.5. Франшиза шартты немесе шартсыз болуы мүмкін.

1) Сақтандыру шартында шартты франшиза белгіленген кезде Сақтандырушы, егер оның мөлшері франшиза мөлшерінен аспаса, залал үшін жауаптылықтан босатылады және егер оның мөлшері франшиза мөлшерінен асып кетсе бұл жағдайда залал толық өтелуге тиіс.

2) Сақтандыру шартында шартсыз франшиза белгіленген кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес төлеуге жататын сомадан шартсыз франшиза сомасы шегеріледі.

3) Сақтандыру төлемі қызметтер мен шығындарды осы қызметтерді көрсетуді ұйымдастыратын тікелей Ассистансқа төлеу арқылы жүзеге асырылатын жағдайларда, Сақтандыру шарты бойынша белгіленген франшиза мөлшеріне тең сомада көрсетілген қызметтер құнының бір бөлігін Сақтанушы (Сақтандырылушы) қызметтерді алу (көрсету) кезінде не Сақтандырушыға болған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылғаннан және соңғы көрсетілген қызметтерге ақы төлеу туралы хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күнге дейінгі мерзімде төлейді.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын сақтандыруға жататын тәуекелдерді, таңдап алынған сақтандыру бағдарламасын, сақтандыру сомасының мөлшерін, базалық тарифтік мөлшерлемелерді және Сақтандырылушының жасы, Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырылушылардың саны, сапар мақсаты, сапар ұзақтығы, Сақтандырылушының

әртүрлі спорт түрлерімен айналысуы және тәуекел дәрежесін айқындау үшін елеулі маңызы бар басқа да факторлар сияқты сақтандырудың нақты шарттарын ескере отырып, оларға түзету (арттыру және төмендету) коэффициенттерін негізге ала отырып, сақтандырудың бүкіл мерзімі үшін есептейді.

6.2. Базалық тарифтік мөлшерлемелерге жоғарылату немесе төмендету коэффициенттерін қолдану туралы шешімді Сақтандырушы дербес және әрбір жағдайда жеке қабылдайды.

6.3. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы бір рет, біржолғы төлеммен сақтандырудың бүкіл мерзімі үшін төлейді, сақтандыру сыйлықақысын төлеу Сақтандыру шартының қолданылуы басталған күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

6.4. Сақтандыру шартының талаптарында көзделген мерзімде сақтандыру сыйлықақысы төленбеген жағдайда, сақтандыру шарты күшіне енбеген болып есептеледі, ал Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндетінен босатылады.

6.5. Ақша қаражатының Сақтандырушының банк шотына немесе кассасына келіп түскен күні сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні болып есептеледі.

7. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

7.1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде және сақтандыру аумағында Сақтандырылушының кенеттен асқынған науқастануынан немесе жазатайым оқиғадан туындаған мынадай күтпеген шығындарының (залалдарының) туындау фактісі сақтандыру жағдайы болып табылады:

7.1.1. Шұғыл медициналық көмекке арналған шығындар, атап айтқанда:

1) дәрігер-мамандардың сапарлары мен кеңестеріне, емдеуші дәрігер тағайындаған және диагнозды белгілеу және/немесе растау үшін қажетті медициналық тексерулерге арналған шығындар;

2) Сақтандырылушыны ауруханаішілік бақылауды және күтуді, хирургиялық және/немесе дәрі-дәрмекпен емдеуді қоса алғанда, стандартты үлгідегі палатаға шұғыл емдеуге жатқызуға арналған шығындар;

7.1.2. Шұғыл стоматологиялық көмекке арналған шығындар, атап айтқанда:

1) тістің және оның айналасындағы жұмсақ тіндердің ауырсыну синдромымен байланысты шығындар: терапиялық емдеу, анестезия, алып тастау;

2) ауыз қуысында іріңді-қабыну процестерін емдеуге байланысты шығындар: анестезия, аутопсия, дренаж, қан кетуді тоқтату;

3) жазатайым оқиға кезінде жарақаттану нәтижесінде тістің және оның айналасындағы жұмсақ тіндердің жіті ауырсыну синдромымен байланысты шығындар;

4) шұғыл стоматологиялық көмекке арналған шығындар сақтандыру шартында/сақтандыру бағдарламасында көрсетілген лимит шегінде жабылады.

Ортодонтия, косметология, протездеу және оған дайындық, әр түрлі шығу тегі бар ауыз қуысындағы ісіктер Сақтандырушымен жабылмайды да ерекшелік болып табылады;

7.1.3. Сақтандырылушыны тасымалдауға арналған шығындар, атап айтқанда:

1) Сақтандырылушыны оқиға болған жерден /сақтандыру жағдайы басталған жерден сақтандыру аумағындағы жақын маңдағы медициналық мекемеге немесе дәрігерге Ассистанс қызметкерлерінің ұсынысы бойынша жедел жәрдем машинасымен шұғыл медициналық тасымалдауға арналған шығындар;

2) Сақтандырылушыны Қазақстан Республикасына немесе Сақтандырылушының азаматтығы бар елге одан әрі өз бетінше қайтару үшін Сақтандырылушыны ауруханадан сақтандыру аумағындағы ең жақын халықаралық әуежайға дейін тасымалдауға арналған шығындар. Тасымалдау қажеттілігін Ассистанс дәрігерлері айқындайды;

3) егер бұл Ассистанс қызметкерлерінің пікірі бойынша қажет болса, Сақтандырылушыны Қазақстан Республикасына не азаматтығы бар елге медициналық эвакуациялауға арналған шығындар:

а) Қазақстан Республикасындағы немесе Сақтандырылушының азаматтығы бар елдегі халықаралық әуежайға жақын ауруханаға дейін;

b) Сақтандырылушыны медициналық емес немесе медициналық қызметкерлердің алып жүруіне.

7.1.3.1. Сақтандырушы эвакуация шығындарын келесі жағдайларда өтейді:

a) егер Сақтандырылушы сақтандыру жағдайынан туындаған денсаулық жағдайының күрт нашарлауына байланысты Ассистанттың білікті қызметкерлерінің ұйғарымы негізінде сақтандыру аумағында болу мерзімін ұзартуға немесе мерзімінен бұрын оралуға мәжбүр болса және кері билетті (Сақтанушы/Сақтандырылушы билетті айырбастау бойынша барлық мүмкін шараларды қабылдаған жағдайда) пайдалана алмаса;

b) егер Сақтандырылушының сақтандыру аумағында сақтандыру жағдайымен негізделген стационарда болуы бойынша шығындар осы Сақтандырылушыға сақтандыру шартында көзделген жалпы сақтандыру сомасынан асып кетсе;

c) егер Сақтандырылушыны эвакуациялау Ассистанс арқылы ұйымдастырылса.

7.1.3.2. Ассистанстың білікті қызметкерлері сақтандыру аумағында мыналарды анықтайды және шешеді:

a) Сақтандырылушыны тасымалдау/эвакуациялаудың жеделдігі мен қажеттілігін;

b) Сақтандырылушының жағдайы оған қарапайым жолаушы ретінде қайтып оралуына мүмкіндік бере ме, әлде арнайы жабдық пен құралдар қажет пе.

7.1.3.3. Көлік құралын және тасымалдау/эвакуациялау шарттарын таңдауды Сақтандырушы болу елінің Ассистансы медицина қызметкерлерінің ұсынымдары мен ұйғарымдары негізінде жүзеге асырады.

7.1.3.4. Егер Ассистанстың білікті қызметкерлері мыналарды шешсе:

a) Сақтандырылушыға эвакуацияны жүзеге асыру кезінде Ассистанс қызметкерінің (медициналық/медициналық қызметкерлер емес)алып жүруі қажет деп шешкен жағдайда, Сақтандырушы алып жүруші тұлғаның екі жаққа да экономикалық класстағы ұшақ билеттерінің құнынан аспайтын жол шығындарын және алып жүруші тұлғаның 5 (бес) тәуліктен аспайтын мерзімге, бірақ 500 (бес жүз) Еуроға баламалы теңгедегі сомадан аспайтын мерзімге тұруына және тамақтануына арналған шығындарын төлейді. Алып жүруші тұлғаға арналған шығындарды қоса алғанда, сақтандыру жағдайы бойынша өтелетін барлық шығындар осы Сақтандырылушыға сақтандыру шартында көзделген жалпы сақтандыру сомасынан аспайды;

b) егер Сақтандырылушыны эвакуациялау мүмкін деп шешсе, ал Сақтандырылушы қайтудан (ауызша немесе жазбаша) бас тартса, одан әрі амбулаториялық емдеуге/емдеуге жатқызуға арналған шығындары, сондай-ақ Сақтандырылушының азаматтығы бар елге кейіннен оралуға байланысты шығындары Сақтандырушымен төленбейді.

7.1.3.5. Егер Сақтандырылушы мерзімінен бұрын қайтуға немесе кідіртуге мәжбүр болса, онда ол мүмкіндігінше өз бетінше немесе Ассистанс қызметкерлері арқылы шығу/ұшу күнін өзгерте отырып, билетті айырбастау үшін қажетті барлық іс-әрекеттерді жасауы тиіс.

7.1.3.6. Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) билетті қайтаруды жүзеге асырса және оның құнын толық немесе ішінара алса, онда эвакуациялау осы Ережеде көзделген тәртіппен, Сақтандырушыға билет үшін алынған сома Сақтанушы (Сақтандырылушы) Қазақстан Республикасына не Сақтанушы (Сақтандырылушы) азаматтығы бар елге қайтарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей қайтарылатын жағдайда жүзеге асырылады.

7.1.4. Сақтандырылушының денесін Қазақстан Республикасына не Сақтандырылушының тірі кезінде азаматтығы болған елге қайтару, атап айтқанда:

1) Халықаралық тасымалдау талаптарына сәйкес келетін табытқа арналған шығындар;

2) Сақтандырылушының сүйектерін Қазақстан Республикасындағы немесе Сақтандырылушының тірі кезінде азаматтығы болған елдегі жерлеу орнына ең жақын халықаралық әуежайға дейін ұйымдастыруға, сақтауға және тасымалдауға байланысты шығындар.

3) Репатриациялау бойынша шығындар Ассистанс арқылы репатриациялау ұйымдастырылған жағдайда ғана өтеледі. Сақтандырылушының туыстары немесе Ассистанттың қатысуынсыз және/немесе яСақтандырушымен жазбаша келісімінсіз кез

келген басқа тұлғалар өз бетінше ұйымдастырған Сақтандырылушының денесін репатриациялау үшін ақы төленбейді.

7.1.5. Сақтандырылушы ауруханаға жатқызылған/қайтыс болған жағдайда, 16 жасқа дейінгі балаларды Қазақстан Республикасына не олардың тұрақты тұратын/азаматтығы бар елге эвакуациялау:

1) Сақтандырылушы сақтандыру аумағында ауруханаға жатқызылған және/немесе қайтыс болған жағдайда, Сақтандырылушының 16 жасқа дейінгі балаларын Қазақстан Республикасына не олардың тұрақты тұратын/азаматтығы бар елге эвакуациялауға арналған шығындар. Сақтандырушы әрбір баланың Қазақстан Республикасының қаласындағы (не бала тұрақты тұратын/азаматтығы бар елдің) әуежайға дейін, бала тұратын елді мекенге дейін жақын орналасқан әуежайдан (оның орналасқан жеріне жақын пункттен) экономикалық класспен ұшу құнын өтейді.

2) Сақтандырушы эвакуацияланған балалардың билеттерін пайдалану құқығын өзіне қалдырады, атап айтқанда:

a) билетті тасымалдаушы компаниясына қайтаруды жүргізу;

b) өтемақы алу немесе балаларды қайтару мақсатында ертерек немесе кеш мерзімге тасымалдаушы компанияға билетті ауыстыру.

3) Сақтандырылушының сақтандыру аумағындағы кәмелетке толмаған балаларын Қазақстан Республикасына эвакуациялауға арналған шығындар сақтандырушы Ассистанс арқылы эвакуациялауды ұйымдастырған жағдайда ғана өтейді. 16 жасқа дейінгі балаларды өз бетінше Сақтандырылушының туыстары немесе Ассистанттың қатысуынсыз және/немесе Сақтандырушымен жазбаша келісімінсіз кез келген басқа тұлғалар ұйымдастырған эвакуациялауға Сақтандырушы ақы төлемейді.

7.2. Сақтандырылушының жолжүгінің толық жоғалуына (жоғалып кетуіне), бүлінуіне әкеп соққан, ол бойынша залал тиісті құжаттармен расталған оқиға жолжүкті жоғалту бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

7.2.1. Жолжүкті сақтандыру шарттарының күші, келесі мүліктен басқа, Сақтандырылушының барлық жолжүгіне қолданылады:

1) ақша, бағалы заттар, бағалы қағаздар;

2) құймалардағы бағалы металдар, жиектемесіз бағалы және жартылай бағалы тастар; 3) антикварлық және бірегей бұйымдар, өнер туындылары мен коллекциялар заттары (ғылыми, тарихи немесе көркемдік қызығушылықты білдіретін, сондай-ақ әуесқойлық мақсатта жиналған кез келген біртекті заттардың (маркалар, күнтізбелер, белгілер, өсімдіктер және т. б.) жинақтары);

3) жол жүру құжаттары, төлқұжаттар және құжаттардың кез келген түрлері, слайдтар, фотосуреттер, фильм көшірмелері;

4) қолжазбалар, жоспарлар, схемалар, сызбалар, модельдер, іс қағаздары;

5) протездердің кез-келген түрі;

6) контактілі линзалар;

7) қол және қалта сағаттары;

8) жануарлар, өсімдіктер және тұқымдар;

9) діни ғибадат заттары.

7.3. Жол жүрудің күшін жою жөніндегі сақтандыру жағдайы Сақтанушыда / Сақтандырылушыда тұрақты тұрғылықты жерінен тыс жерге жол жүрудің күшін жоюға байланысты шығындардың туындауына әкеп соққан оқиға болып табылады.

7.3.1. Мұндай оқиғалар сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін туындаған және құзыретті органдар берген құжаттармен расталған мынадай оқиғалар болып табылады:

1) жазатайым оқиға немесе күтпеген ауру нәтижесінде Сақтандырылушының немесе оның жақын туысының (жұбайы/зайыбы, балалары, ата-анасы) қайтыс болуы, ауруханаға жатқызылуы;

2) Сақтандырылушының өрт, жарылыс, табиғи апаттар: дауыл, су тасқыны, көшкін, жанартаудың атылуы, жер сілкінісі, көшкін себебінен Сақтандырылушының жеке

меншігін (жылжымайтын мүлкін) жоғалтуына немесе бүлдіруіне байланысты Сақтандырылушының қаржылық шығындары;

3) Консулдық (Елшілік) тиісті түрде ресімделген құжаттардың толық пакетін тағайындалған елдің Консулдығына (Елшілігіне) уақтылы берген кезде Сақтандырылушыға кіру визасын беруден/уақтылы бермеуден бас тарту, егер:

a) төлқұжатта сапардың алдындағы 12 ай ішінде визалық елдердің кез келгеніне визадан бас тарту туралы белгі болмаса;

b) Сақтандырылған тұлға турагенттен / туроператордан тиісті түрде рәсімделген құжаттардың толық пакетін алды.

8. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ.

8.1. Сақтандырушы Сақтанушыға, егер сақтандыру жағдайы сақтандыру жағдайының салдарынан орын алса, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) /жақын туысының қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

8.2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) /жақын туысының іс-әрекеттері.

8.3. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілгендердің салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

1) сақтандыру шартында көзделмеген тәуекелдерді;

2) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті уланудың әсері;

3) соғыс қимылдарының, лаңкестік актілердің, лаңкестікке қарсы операциялардың; азамат соғысының, кез келген түрдегі халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің;

4) өзіне-өзі қол жұмсау немесе өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері;

5) Сақтандырылушының сақтандыру аумағы (болатын ел) заңнамасының талаптарын сақтамауы;

6) алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болу не кез келген психотроптық заттарды пайдалану салдарынан болуы;

7) Сақтандырылушының болу еліндегі жалдамалы жұмысы, ерекшелік: егер сақтандыру шартында сапардың мақсаты/санаты - «Жұмыс» деп таңдалса және тәуекел түзету коэффициентін ескере отырып, қосымша сақтандыру сыйлықақысымен төленген болса;

8) сабақтар / қатысу:

a) кәсіби және/немесе әуесқой спорттың кез келген түрімен, ерекшелік: аквапарктарда, сондай-ақ ашық су бетінде аттракциондарда су аттракциондарында сырғанау;

b) моторлы жер үсті, су немесе әуе қозғалысы құралы пайдаланылған кез келген іс-шараларда, сондай-ақ ат жарыстарына, автожарыстарға, парашютті, пара -, мото -, дельтапланды қоса алғанда, ұшу аппаратын басқаруға қатысу, Сақтандырыушының кез келген сынаққа қатысуы;

c) жарақаттану қаупі жоғары демалу мен дене белсенділігінің белсенді түрлері (спорттық сипаттағы қозғалмалы ойындар; кез келген суға батыру; в альплагерде және туристік және спорттық базаларда, сондай-ақ теңіз деңгейінен 1000 м жоғары орналасқан аудандарда демалу; жаяу өрмелеу, үңгірлер, жанартаулар бойынша саяхат; жол талғамайтын сыныптағы автомашиналармен сапарлар және саяхат; велосипедтермен сапарлар және саяхат, атпен және басқа да жануарлармен сапарлар және саяхаттар және т. б.)

d) ерекшелік: егер сақтандыру шартында сапардың мақсаты/санаты «Спорт» деп таңдалса, ал жоғарыда аталған тәуекелдер түзету коэффициентін ескере отырып, қосымша

сақтандыру сыйлықақысымен төленсе, сақтандырушы осы Ереженің 7.1. тармағының тәуекелі бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

8.4. Сақтандырушы төмендегілерге байланысты жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:

1) сақтандыру шарты күшіне енгенге дейін Сақтандырылушыда бар кез келген ауруларды диагностикалаумен және/немесе емдеумен;
2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі басталғанға дейін немесе қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру аумағынан тыс жерде Сақтандырылушының медициналық көмек алуымен;
3) Сақтандырылушының шұғыл медициналық көмек көлемінен асатын диагностиканы және/немесе емдеуді алумен;
4) Сақтандырылушы Сақтандыру шарты күшіне енген күнге дейін соңғы 6 (алты) айда өткерген және кейіннен емдеуді талап еткен аурулармен (егер медициналық көмек адамның өмірін сақтап қалу, толық мүгедектіктің алдын алу немесе жіті ауырсынуды жеңілдету үшін қажет болса, шектеу жарамсыз болады);
5) Сақтанушының (Сақтандырылушының) отбасы мүшелерінің, туыстарының немесе таныстарының өзін-өзі емдеуі, сондай-ақ емдеуді тағайындаумен және жүргізуімен;
6) Сақтандырылушының өміріне тікелей қауіпті жою үшін алғашқы медициналық көмек көрсету жағдайларын қоспағанда, созылмалы ауруларды және олардың асқынуларын/өршулерін емдеумен және/немесе диагностикамен;
7) қатерлі және/немесе қатерсіз ісіктерді, гиперпластикалық процестерді (аденома, фибромиома, мастопатия, жатыр мойны эрозиясы және т. б.) диагностикалаумен және/немесе емдеумен;
8) жүктілікті тоқтату немесе босану сақтандыру жағдайынан туындаған немесе көмек көрсетпеу ананың немесе баланың өміріне қауіп төндіруі мүмкін жағдайларды қоспағанда, жүктіліктің басталуы мен сақталуы, жүктіліктің асқынуын емдеу, қалыпты немесе мерзімінен бұрын босану, сондай-ақ кесарь тілігі операцияларымен, жүктілікті жасанды үзу (аборт) мақсатында Сақтандырылушыға консультациялық-диагностикалық тексерулермен және емдеу жүргізумен;
9) жасанды ұрықтандыру, бедеулікті/импотенцияны, қуық түбі безінің қабынуын диагностикалаумен және емдеумен, сондай-ақ контрацепцияның кез келген әдістерімен, оның ішінде жатырішілік спиральді (ЖІС) енгізумен/алып тастаумен;
10) ағзаның кез келген туа біткен ауруларын және/немесе туа біткен/жүре пайда болған аномалияларын/даму кемістіктерін, оның ішінде сүйектердің патологиялық сынықтарын диагностикалаумен және/немесе емдеумен;
11) миопиямен / гиперметропиямен, астигматизммен, катарактамен, глаукомамен, көз торының қабаттануымен байланысты операциялармен;
12) жүрекке немесе тамырларға кез келген хирургиялық операциялармен, оның ішінде коронарлық тамырлардың ангиопластикасы, аортокоронарлық шунттау, стенттеу, ЫЖЖ (ырғақтың жасанды жүргізушісін) орнату және т. б.;
13) трансплантаудың, имплантациялаудың және/немесе протездеудің кез келген түрі бойынша шығындармен, оның ішінде эндопротездеу, остеосинтез, остеопластика, реконструктивтік операциялар, әртүрлі бекіткіштерді (штифтер, бұрандалар, бұрандамалар, шабақтар, пластиналар, сүйек жіктері, дистракциялық-компрессиялық аппараттар және т. б.) пайдалана отырып жасалатын кез келген операциялар, ағзалар мен тіндерді трансплантациялау бойынша операциялар; ерекшелік: Сақтандырылушының өмірін сақтап қалу мақсатында күйік шалған кезде теріні трансплантаттау;
14) «А» және «Е» гепатиттерін қоспағанда, бауыр циррозын, парентералдық берілу механизмі бар вирустық гепатиттерді және олардың салдарларын диагностикалаумен және/немесе емдеумен;
15) психикалық бұзылуларды немесе күйзеліске ұшыраған жай-күйлерді, соз ауруларын, жыныстық жолмен берілетін ауруларды, АИТВ және ЖИТС, алкоголизмді немесе нашақорлықты, туберкулезді, қант диабетін және олардың салдарларын, сондай-ақ

инсультті, эпилепсияны және конвульсиялық ұстамаларды диагностикалаумен және/немесе емдеумен;

16) егер бұл Сақтандыру бағдарламасында/Шартта жеке көзделмесе, пандемиялық сипаттағы кез келген ауруларды (оның ішінде құс, шошқа және т. б.) емдеумен;

17) сыртқы келбеттің немесе дене ауытқуларының кемшіліктерін жоюға, жынысты хирургиялық өзгертуге, салмақты/фигураны түзетуге, семіздікті немесе дистрофияны диагностикалауға/емдеуге байланысты пластикалық операцияларға, косметологиялық диагностикаға/емдеуге және диагностиканың/емдеудің кез келген басқа түрлеріне жұмсалатын шығындармен;

18) псориаз, туа біткен ихтиоз, экзема, аллопеция, атопиялық дерматит, нейродермит, витилиго, сүйел, безеу, демодикоз сияқты созылмалы тері ауруларын, сондай-ақ нозологияға қарамастан, теміреткі кез келген түрлерін диагностикалаумен және/немесе емдеумен;

19) күн, ультракүлгін немесе басқа сәулелену түрлерінің тікелей және/немесе жанама әсерінің салдарын (м-лы: күннің күйіктері, фотодерматит және т. б.) емдеумен;

20) құлақ арнасының құлақ бұлығымен байланысты кеңес берулер және емдеулермен;

21) остеосинтез/остеопластика үшін материалдарға жұмсалатын шығындармен; медициналық көмек құралдарын (линзаларды, көзілдіріктерді, есту аппараттарын, глюкометрлерді, бандаждарды, балдақтарды, мүгедектер арбаларын, ортопедиялық аяқ киімді және т. б.) іріктеумен, сатып алумен және жөндеумен;

22) осы Ереженің 7 бөлімінде көрсетілген шұғыл көмекті қоспағанда, стоматологиялық көмекпен;

23) күтпеген аурумен байланысты емес, сондай-ақ қалпына келтіру медицинасының қызметтерімен, профилактикалық тексерулермен, медициналық сараптамалармен немесе Ассистанстың дәрігері немесе медицина қызметкері тағайындамаған емдеумен байланысты вакцинациялаумен, медициналық тексерулермен немесе күтіммен;

24) Сақтандырылушы Қазақстан Республикасына оралғанға дейін кейінге қалдырылуы мүмкін және/немесе Ассистанс мақұлдамаған хирургиялық араласумен немесе емдеумен;

25) медициналық мекемеде арнайы жеке палатаны ұсынумен (Ассистанс дәрігері тағайындаған жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ теледидар, телефон, кондиционер, ылғалдандырғыш және т. б. ұсынумен;

26) бейдәстүр әдістермен емдеумен және/немесе диагностикамен (фитотерапия, гирудотерапия, гомеопатия, балшықпен емдеу, жарықпен емдеу, барокамерада емдеу, мануалды терапия, массаж, биорезонанстық терапия және т. б.), қалпына келтіру (оңалту) емдеумен, сондай-ақ физиотерапиялық емдеудің кез келген әдістерімен;

27) психотерапевт, диетолог, генетик, логопед, косметолог, массажист, шаштараз, стилист аудармашының қызметтерін ұсынумен;

28) Еуроодақтың әлеуметтік қорғау жүйесінде көзделмеген емдеу әдістерімен және мемлекеттік органдардың лицензиясы жоқ дәрі-дәрмектермен емдеумен және/немесе диагностикамен; тиісті лицензиясы жоқ дәрігерлік тәжірибемен айналысуға рұқсаты жоқ тұлғалар немесе медициналық мекеме жүзеге асыратын емдеумен;

29) автокөлік апаты нәтижесінде Сақтандырылған тұлғаның өліміне, жарақатына немесе ауруына әкеп соққан жазатайым оқиғамен, егер:

a) Сақтандырылған тұлға көлік құралын тиісті жүргізуші куәлігінсіз жүргізген немесе алкогольдік масаң күйде немесе есірткінің немесе уытқұмарлық масаң күйде болған;

b) Сақтандырылған тұлға көлік құралын басқаруды тиісті жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаға берді;

c) Сақтандырылған тұлға қоғамдық көліктен басқа, мас күйінде немесе есірткінің немесе уытқұмарлықтың әсерінде болған тұлға басқаруды жүзеге асырғанын біле отырып, көлік құралында (жолаушы ретінде) болған;

8.5. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер:

1) Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарында көзделген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуді жүргізбеген;

2) емдеу Сақтандырылушының сапарының мақсаты болды, сондай-ақ санаторийлерде, ауруханаларда, демалыс үйлерінде және санаторий-курорттық үлгідегі басқа да ұйымдарда емделу жағдайында;

3) Сақтандырылушыға көмек спорт командасының дәрігерімен көрсетілді немесе спорттық жарыстар/жиындар ұйымдастырушыларымен, әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етілді;

4) Сақтандырылушыға қатысты Сақтандыру шартын жасасу кезінде мүгедектік және/немесе еңбек ету қабілетінен (жалпы немесе кәсіптік) айырылу (толық немесе ішінара) және/немесе кәсіптік ауру белгіленген болатын және бұл медициналық көмекке жүгінудің тікелей себебі болып табылды;

5) Сақтандырылушы Сақтандырушының алкогольдік/есірткілік мас болу үшін медициналық тексеруден және/немесе медициналық куәландырудан өту талабын орындамады және/немесе тексеру/куәландыру нәтижелерін ұсынған жоқ.

8.6. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін негіз сондай-ақ мыналар болып табылады:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Сақтандырушыға сақтандыру объектісі (оның ішінде денсаулық жағдайы туралы), сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;

2) егер осы өзгеріс сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуының тікелей немесе жанама себебі болып табылса, Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтанушының қызмет түрінің, кәсібінің, сапар мақсатының өзгергені туралы Сақтандырушыға хабарламауы;

3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту жөнінде шараларды қасақана қабылдамауы;

4) Сақтанушының (Сақтандырылушының) залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдарды өтеуді алуы. Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;

5) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және оған келтірілген залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;

6) сақтандыру шартының талаптарына сәйкес тиісті құжаттармен расталмаған диагностика және/немесе емдеу және / немесе егер сақтандырылған тұлға сақтандыру төлемін алу мақсатында немесе сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға ұсынған ақпарат пен құжаттар жеткіліксіз болса, не сақтандыру жағдайының себептері мен мән-жайлары, сондай-ақ сақтандыру жағдайына байланысты көрсетілген қызметтердің түрлері мен құны туралы толық емес, анық емес немесе көрінеу жалған мәліметтерді қамтиды;

7) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі жүзеге асырылған болса, Сақтандырушы оның толық немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы.

8) Сақтандырушыны хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу Сақтанушының еркіне байланысты емес себептерге байланысты болған және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу;

9) Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 839 бабының 4 тармағында көзделген негіздер.

8.7. Сақтандырушымен өтелмейді:

1) моральдық зиян, Сақтанушының (Сақтандырылушының) шығындары, оның ішінде айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы, сот шығындары, жоғалған пайда және т. б.;

2) мекендеу елінің кез келген үкіметінің, мемлекеттік немесе жергілікті өкіметтерінің бұйрығы бойынша Сақтандырылушының мүлкін тәркілеу, мемлекет меншігіне алу, реквизициялау, жою, бүлдіру тікелей немесе жанама туындатқан шығындар;

3) телефон арқылы дәрігердің/кез келген медициналық қызметкерлердің кеңестері / видео-интернет байланысы;

4) Сақтандырылушыны өз қалауы/қалауы бойынша немесе медицина қызметкерлерінің ұйғарымы негізінде, бірақ Сақтандырылушының, Сақтандырылушының туыстары немесе Ассистанттың қатысуынсыз және/немесе Сақтандырушымен жазбаша келісімінсіз кез келген басқа тұлғалар дербес ұйымдастырған эвакуациялауға арналған шығындар;

5) Сақтандырылушының жақын туыстары немесе Ассистанттың қатысуынсыз және/немесе Сақтандырушының келісімінсіз кез келген басқа тұлғалар дербес ұйымдастырған Сақтандырылушының кәмелетке толмаған балаларын эвакуациялауға арналған шығындар;

6) Сақтандырылушының кәмелетке толмаған балаларын олардың тұратын жеріне жақын халықаралық әуежайдан олардың тікелей тұратын жеріне дейін тасымалдауға (тұру мен тамақтануды қоса алғанда) байланысты шығындар;

7) Сақтандырылушының сүйектерін жерлеу орнына ең жақын халықаралық әуежайдан Сақтандырылушының жерлеу орнына дейін тасымалдауға арналған шығындар;

8) Сақтандырылушының туыстары немесе Ассистанттың қатысуынсыз және/немесе Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз кез келген басқа тұлғалар дербес ұйымдастырған Сақтандырылушының денесін репатриациялау бойынша шығындар;

9) Сақтандырылушының Қазақстан Республикасында немесе өмір сүру кезінде азаматтығы болған елде Сақтандырылушыны жерлеуге арналған кез келген шығындар;

